

**Тлеубердинова А.Т., э.ғ.д., профессор, Шакина Ж.М., э.ғ.д., профессор,
Салауатова Д.М., э.ғ.м., аға оқытушы, Торжанова Д.А., э.ғ.м., оқытушы
(Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті)**

БІЛІМ БЕРУ ТУРИЗМІНІҢ ЗАМАНАУИ ЖАҒДАЙЫ

XX ғасырдың соңынан бастап дамыған мемлекеттер постиндустриалды қоғамға бет бұра бастады. Экономикадағы басымдылық тауар өндірісінен қызмет өндірісіне өтті. Аталған өзгерістер ғылыми-техникалық революцияның нәтижелері мен бірқатар мемлекеттердің табыстылығының жоғарылауының әсерінен қолжетімді бола бастады. Жаңадан қалыптасқан қоғамның басты өндірістік ресурсы мен құндылығы болып ақпарат, білім және ақпараттық технологиялар, интеллект табылды. Негізгі әлеуметтік институттарға университеттер мен ғылыми орталықтар айналады. Бұл тұғырда жаңа, қызықты да маңызды ақпаратты алу көзі ретінде туризм туралы да, оның көптүрлілігінің бірі білім беру туризмі туралы да айта беруге болады.

Білім беру туризмі экономиканың жоғары әлеуетті және қарқынды дамып келе жатқан саласы ретінде анықталады. Сонымен қатар білім беру туризмі танымалдылыққа ие болуда және шет елде білім алу мақсатында туризмнің ерекше түріне жатады.

Білім беру туризмінің дамуында жоғары оқу орындары үлкен рөл атқарады. Білім беру туризмінің дамуындағы жоғары оқу орындарының ресурстық әлеуеті өзіне техникалық, технологиялық, ақпараттық, беделдік, кеңістіктік, ұйымдастырушылық, қаржылық, маркетингтік, экологиялық, кадрлік, материалды-техникалық ресурстарды біріктіреді.

Р.Брент пен К.Купер білім беру туризмнің негізінде «демалу бастамасы» мен «білім алу бастамасы» жататынын анықтаған [1]. Аталған мақалада авторлар білім беру туризмнің негізгі мақсаты ретінде «білім алу бастамасын» қарастырады.

Білім беру туризмінің негізін құрайтындар - мектептегі турлар, экскурсиялық таныстыру сапарлары, шет тілдерін оқыту мақсатындағы сапарлары; стипендиясыз оқу сапарлары, стипендияны алу мақсатында оқу сапарлары; ғылыми және оқу тағылымдамалары; семинарлар, конференция, конгресс, шеберлікті арттыру сабақтарына қатысу. Білім беру туризміне сондай-ақ АҚШ және ЕуроОдақ елдеріне тән бизнес бойынша білім алу мақсатында академиялық алмасу бағдарламасына қатысу жатады.

Халықаралық білім беру туризмі нарығы жыл сайын жаңа бағыттар ұсынып, географиясы кеңее түсуде.

АҚШ туристерге білім бағыттары мен тағылымдамаларды қосқанда көптеген ұсыныстар жасайды. Ең танымал елдердің бірі Германия көптеген көне университеттер саны мен студенттер, оқытушылар, жас ғалымдар үшін DAAD стипендиялық бағдарламасын ұсынады. АҚШ пен Еуропада көптеген қорларды қолданады, сондай-ақ әртүрлі оқу бағдарламасы бойынша стипендиялар ұсынады. Көптеген жағдайларда мұндай стипендиялық бағдарламаларды елшіліктер мен шетел мемлекетінің консулдықтары қолдайды.

Қазіргі таңда Қытай мен Жапонияда білім алу бағдарламалары көп танымалдылыққа ие. Кейбір Қытай университеттерінде мэрдің стипендиясымен бірігіп университет стипендиясын ұсынады (мысалы, Чунчин педагогикалық университеті Чунцин мэрімен бірігіп), ал Жапония университеті (Токио қаласындағы Сайтама университеті) тілдер стажировкасына стипендиялар ұсынады. Ал суретшілер арасында Испания сұранысқа ие.

Италия көптеген гуманитарлық пәндер санымен қызықтырады. Швейцария үздік мейманханалық-ресторан бизнесіндегі мектептер ұсынады. Мальта болса қазіргі таңдағы британдық курстардан қалыспайтын, оған ұқсас сапалы және айтарлықтай қымбат емес тілдерді оқыту курстарын ұсынады. Сондай-ақ Work and Travel бағдарламасы бүгінгі таңда біздің елде танымал екенің айта кету керек. Бұл ағылшын тілін үйренумен қатар,

студенттік виза бойынша АҚШ, Германия, Франция немесе Грецияда ресми жұмыс істеуге керемет мүмкіндік беретін бағдарлама.

Польшаның жоғарғы оқу орындары келісімшарт негізіндегі жоғарғы оқу орындарының төлемақысынан аспайтын өзінің білім беру сапалығы мен айтарлықтай қымбат емес төлемақысымен танымал. Қазіргі таңда дипломдар көбінесе жұмыс берушілермен қабылданбайды, ал көрші шетелдер халықаралық үлгідегі дипломдар мен түлектерге жарқын келешекке жол ашады. Чехияда чех тілін білгендерге тегін оқытуды ұсыну арқылы үлкен танымалдылыққа ие.

Сонымен қатар білім беру туризмі бойынша студенттерді қабылдаушы мемлекеттер көшбасшыларының қатарына Ұлыбритания және Мальта мемлекеттері кіреді. Ұлыбритания классикалық білім беру жүйесінің отаны ретінде ізденушілерге алдыңғы қатарлы университеттер мен колледждерде оқыту мен тағылымдамалық бағдарламаларды ұсынады. Мальта британдық үлгідегі білім беруді негізгі түпнұсқадан төменірек бағада ұсынады. Одан басқа мемлекетте ағылшын тілін оқыту орталықтары кеңінен таралып дамуда.

2012 жылдың қорытындысы бойынша 10 студенттің 2-уі: 4 млн кем емес адамдар шет елдерде білім алған болатын (2000 жылдары 2 млн) [2].

Орталық Азияның айрықша мобильді студенттері 2003 жылдан бастап 2012 жылға дейін олардың саны 67 300-ден 156 000 дейін көтерілді. Шығыс коэффициенттері 3,5% -дан 7,5% дейін екі есеге дейін көтерілген.

Алайда студенттер мобильділік аймақтары бойынша екінші орындағы африкалық елдер мен оңтүстік Сахараның шығыс коэффициенттеріне сүйенсек: 2003 жылда 6%-дан 2012 дейін 4,5% төмендеген. Зерттеушілердің ойынша, отандық жоғарғы білім жүйесі аймақтарда нық дамуда.

Студенттік мобильділік коэффициенттерінің төмен көрсеткіштері:

- Оңтүстік және Батыс Азия; студенттердің 1,0% шетелде оқыған
- Латын Америкасы мен Кариб бассейні елдері (0,9%)
- Солтүстік Америка (1,4%)

Студенттерді қызықтыратын әлемдік орталықтар 1 суретте көрсетілген.



Сурет 1. Білім беру туризмі бойынша студенттерді қызықтыратын әлемдік орталықтар

Жаңа мемлекеттер мен аймақтарда студенттік мобильділік нарығында табыс үлесі мен интеллектуалды капитал үшін бәсекелеседі. 2012 жылы 50% жуық жалпы көлемнен 5

елге татиды. Соған қарамастан үлес жиынтығы бұл елдерде 2000 жылы 55%-дан 2012 жылы 47% дейін төмендеген.

Австралия мен Жапония дәстүрлі Шығыс Азия мен Тынық мұхит аймақтарының көшбасшылары – ендігі күштерін жинақтаған Қытай, Малайзия, Оңтүстік Корея, Сингапур және Жаңа Зеландиямен бәсекелесуде, олардың үлесіне 2012 жылы 6% келеді.

Үш араб мемлекеттері – Мысыр, Сауд Арабиясы мен Біріккен Араб Әмірліктері белсенді түрде шетелден студенттерді тартуға тырысады. Олардың үлесі 4% құрайды.

Негізінен, араб мемлекеттерінде өңірлерде оқитын мобильді студенттер үлесі 12%-ден 26% (1999 жыл мен 2012 жыл аралығындағы кезең) көтерілді. Орталық және Шығыс Еуропада өсу 25%-дан 37% құрайды. Африканың оңтүстік Сахара елдерінде 18% дан 28% дейін.

Енді Біріккен Араб Әмірліктері араб мемлекеттерінен студенттерді тартудан Ұлыбританияны басып озып, танымалдылық жағынан Франция мен АҚШ-тан кейін үшінші орынды иемделеніп отыр.

Сегіз елдің ішінен студенттердің жартысы шет елге оқуға кетеді: Андорра, Англия, Бермуд аралдары, Лихтенштейн, Люксембург, Монтсеррат, Сейшель аралдары, Теркс пен Кайкос аралдары.

Білім беру туризмі бойынша көшбасшы мемлекеттер қатарына Америка Құрама Штаттары, Ұлыбритания, Франция, Аустралия және Жапония мемлекеттері жатады. Жіберуші мемлекеттердің алдыңғы шегінде Қытай, Үндістан және Корея мемлекеттерінің ізденушілері (сурет 2):

Қайда барады?		Қайдан келеді?	
-Америка штаттар 18%	Құрама	-Қытай 694400	студент
-Ұлыбритания 11%		-Үндістан 189500	студент
-Франция 7%		-Корея Республикасы 123700	студент
-Австралия 6%		-Германия 117600	студент
-Германия 5%		-Сауд Арабиясы 62500	студент
-Ресей 4%		-Франция 62400	студент
-Жапония 4%		-АҚШ 58100	студент
-Канада 3%		-Малайзия 55600	студент
-Қытай 2%		-Вьетнам 53800	студент
-Италия 2%		-Иран 51600	студент

Сурет 2. Білім беру туризмі бойынша жіберуші және қабылдаушы мемлекеттер

Халықаралық білім беру туризмі географиясында студенттерді қабылдаушы аймақтар келесі үлестерге ие:

- Солтүстік Америка мен Батыс Еуропа 57%
- Шығыс азия мен Тынық мұхит аймақтары 20%
- Орталық және Шығыс Еуропа 10%

Дж. Трю мен Н. Коккереллдің пайымдауынша 2025 жылға қарай білім беру қызметін алу мақсатында өз елінен тыс жерге саяхаттаушылар саны 7,2 млн. адамға жетеді [4]. ДТҰ болжамдары бойынша 2020 жылға қарай аталған туризм бағыты бойынша Қытай, АҚШ, Франция, Испания, Гонконг, Италия, Англия, Мексика және Ресей елдері көшбасшы атанады.

Әдебиеттер

1. Brent R., Cooper C. Managing educational tourism Clevedon: Channel View Publications. – CHANNEL VIEW PUBLICATIONS, 2003. 302 p
2. UNWTO Tourism Highlights, 2016 Edition
3. UNESCO (United Nations Educational, Scientific, Cultural Organization) www.unesco.org
4. Trew, J. & Cockerell, N. The European market for UK city breaks Insights. 2002. 14(58), Pp. 85-111.

**Қазбеков Т.Б. э.ғ.к., доцент (Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ)
Ержанова С.К. э.ғ.к., доцент (Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ)
Ескерова З.А. э.ғ.м., аға оқытушы (Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ)**

БОЛАШАҚТЫҢ ЭНЕРГИЯСЫ: ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ ДАМУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Қазіргі таңда барлық ресурстардың, оның ішінде энергетикалық ресурстардың шектеулі жағдайында, ғалымдар мен мамандар энергетика саласында және энергияны үнемдеу ісінде таза технологияларды дамытудың жаңа жолдарын іздестіруде. Бұл бағытта адамзат баласына ортақ қиындықтар мен бірқатар күрделі мәселелер бар. Соңғы он жылдықтарда энергияны пайдалау өсімінің салдарынан жаһандық жылыну белең алды. Бүгін ешбір ел «қазірше дами бер, экологиямен кейін айналысамыз» деген түсінікпен өмір сүре алмайды. Бізге тез арада планетаның энергетикалық - экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін сценарий қажет. ХХІ ғасыр энергетика саласында серпінді шешімдер дәуірі болғаны абзал, бұл тек энергетика саласының даму векторын ғана емес, жер нарығының алдағы мыңдаған жылдардағы тағдырын анықтайтын кезең болуы тиіс. Аталған мәселе өте күрделі және оның оңтайлы шешімі әлемдік қоғамдастық үшін өте маңызды. Мемлекеттердің 2020 жылға дейін Біріккен Ұлттар Ұйымының орнықты даму мақсаттары аясындағы міндеттемелерді мойнына алғаны осыған дәлел.

Бұдан бөлек, ресурсқа бай кейбір мемлекеттер өкілдері өз энергетикалық саясатының салдары туралы ойлана бермейтінін атап өтуге болады. Екінші бір елдерде бұл саясат өз ресурстарын сақтап қалып, үшінші елдерге экономикалық энергетиканы экспансия жасауға негізделген. Ал табиғи ресурстары өте аз Германия, Жапония, Корея, Сингапур, Нидерланд сияқты мемлекеттер жаңартылған энергетикалық барынша дамытуға күш салуға мәжбүр болуда. Осындай елдердің арқасында жаңартылған энергияны пайдалану технологиясы мен ауқымы бүгінгі деңгейге жетіп отыр. Ендігі жерде ұлттық «таза» энергетикалық саясаттың әзірленуімен белсенді түрде енгізілуі қажет.

Қазіргі таңда энергияның жаңа көздері қолжетімді бола түсті. Бұрын тек дамыған елдердің ғана одан пайда табуға мүмкіндігі бар еді. Олар жаңа энергия саласындағы технологиялар бойынша білім мен техникалық тәжірибе жинақтай алды. Қазір дамушы елдер үшін осы үдеріске қосылуға ең қолайлы уақыт туып отыр.

Энергетикалық трендтер көлік саласына да ықпал етіп отыр. Қазіргі кезде электромобильдер кең танылып, қолжетімділікке ие болып келеді. Әлемнің көптеген мегополистері қоғамдық таза көлікке көшіп жатыр. Мысалы, Әбу – Даби әмірлігі Хайперлуп желісін салу мүмкіндігін зерттеп жатыр. Бұл вакуумдық пойыз өзінің жылдамдығын сағатына 1200 шақырымға үдете алады. Ал Дубай әмірлігі жүргізушісіз таксиді енгізу бағытында жұмыс істеуде. Ал Қазақстанда былтырдан бастап электромобиль шығарыла бастады. Келекшекте оны өндіру көлемі ұлғая түспек. Сонымен қатар электробустар шығару жоспарланып отыр.

Бұл ретте жаңартылатын энергия көздері жөніндегі халықаралық агенттіктің (ИРЕНА) қызметін айрықша атап өтуге болады. Ол жаңартылатын энергия ұраны арқылы әлем елдерінің көпшілігінің басын біріктіре алды. Көптеген дамушы бұл құрылымды қолдап отыр.